	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Пр 017-11.06-2026 30.04.2026 г.
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 1-4

«БЕКІТЕМІН»


Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ
ұлттық өнер академиясы қабылдау
комиссиясының төрағасының у.м.а.

Ш. Ергөбек
(2026 жылы «30» «сәуір»
№10 Ғылыми кеңес хаттамасы)



**6В02177 «ТЕЛЕВИЗИЯ ЖӘНЕ КИНОЖОБАЛАР ПРОДЮСЕРІ» БІЛІМ
БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
ТАЛАПКЕРЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН
ТАЛАПТАР**

Алматы 2026г



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

Пр 017-11.06-2026

30.04.2026 г.

Талап
Нормативтік құжат түрі

Стр. 2-4

Құрастырушылар:

Ахметжанова А.М.-«Экран өнері режиссурасы» кафедрасының аға
оқытушысы

Абишев С.Е.- «Экран өнері режиссурасы» кафедрасының оқытушысы, PhD
докторы.

Азимов С.Ж.-«Экран өнері режиссурасы» кафедрасының профессоры

«Экран өнері режиссурасы» кафедрасының отырысында ұсынылды

2026 жылғы «09» 04 № 9 хаттама

«Экран өнері режиссурасы»

кафедрасының меңгерушісі  Абишев С.Е.

«Кино және ТВ» факультетінің академиялық сапа жөніндегі кеңесі
мақұлдады


2026 жылғы «16» 04 № 9 хаттама

«Кино және ТВ» факультетінің сапасы жөніндегі

Академиялық кеңес төрайымы  Исабаева С.Н.

Келісілді:

«Кино және ТВ» факультетінің деканы  Бакеева М. К.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ 6B02177 – «Телевизиялық және кино жобаларын продюсерлеу»

Талапкерлерге қойылатын талаптар


6B02177 «Телевизиялық және кино жобаларын продюсерлеу» білім беру бағдарламасына оқуға түсуші талапкердің жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі болуы және шығармашылық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік әрі аналитикалық қызметке бейімділігі болуы тиіс.

Талапкер:

- аудиовизуалды өнер мен медиаиндустрияның дамуындағы негізгі бағыттар мен үрдістерді бағдарлай алуы;
- кинематография, телевидение, драматургия, экрандық өндіріс және жобалық қызмет негіздері туралы бастапқы түсінікке ие болуы;
- шығармашылық ойлау, идея ұсыну және оларды жобалық тұрғыдан негіздеу қабілетін танытуы;
- жүйелі, логикалық және стратегиялық ойлау дағдыларын меңгеруі;
- өз ойын ауызша және жазбаша түрде нақты, жүйелі әрі дәлелді жеткізе білуі;
- ұйымдастырушылық қабілет, бастамашылдық, жауапкершілік және шешім қабылдай білу қасиеттерін көрсетуі;
- командамен жұмыс істеу, іскерлік қарым-қатынас орнату және шығармашылық үдерісті үйлестіру дағдыларына ие болуы;
- қазіргі мәдени, қоғамдық және медиа үдерістерді бағдарлай алуы;
- ұлттық мәдени құндылықтарды, кәсіби этика қағидаттарын және заманауи медианарық талаптарын түсінуі тиіс.

Шығармашылық қабылдау емтихандарын тапсыру үшін талапкер портфолио ұсынады. Портфолио құрамына:

- әдеби және талдамалық жұмыстар;
- телевизиялық немесе кино жобаларға қатысты шығармашылық идеялар мен тұжырымдамалар;
- сценарийлік өтінімдер немесе жобалық әзірлемелер;
- фильмдерге, телебағдарламаларға немесе спектакльдерге жазылған рецензиялар;
- фотомонтаждар, коллаждар, презентациялық материалдар;
- ұзақтығы 1 минутқа дейінгі бейнеролик;



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ**

Пр 017-11.06.2026

30.04.2026 г.

Талап
Нормативтік құжат түрі

Стр. 4-4

- шығармашылық жетістіктері мен марапаттарын растайтын құжаттар енгізіледі.

Қосымша ретінде талапкер таңдаған мамандығына қызығушылығын, кәсіби ұстанымын және болашақтағы қызметін қалай елестетінін ашып көрсететін эссе жазады.

3. Шығармашылық емтихандар:

1. Телевизиялық және кино жобаларының таныстырылымы

Талаптар:

Талапкер емтиханға мынадай материалдар ұсынады:

- Алдын ала стандартты үлгіде дайындалған телевизиялық және кино жобалардың жазбаша сипаттамасы (жоғарыда көрсетілгендей: титулдық бет + 3 беттік компьютерлік мәтін, Times New Roman қарпі, 14 кегель...);
- PowerPoint бағдарламасында жасалған ауызша таныстырылым және слайд-шоу (10–15 слайд).

Жобаға қойылатын талаптар: ұлттық бірегейлік, ауызша және жазбаша тілдің сауаттылығы, өнер және креативті индустрия саласына қатысты болуы, ой-идеяның сонылығы және жобаның шынайы іске асырылу мүмкіндігі.

2. Сұхбат /емтихан/ (3 сағат).

Талаптар:

Сұхбат талапкерлердің жалпы мәдени деңгейін, олардың әлеуметтік-мәдени қызметке бейімділігін, адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнату қабілетін айқындайды. Талапкер таңдалған тақырыптың мазмұнын толық ашуы тиіс. Талапкердің музыка, бейнелеу өнері, әдебиет, театр, кинематография салаларында білімі болуы керек; белгілі суретшілерді, композиторларды, әртістерді, актерлерді, музыканттар мен орындаушыларды білуі тиіс; кино өнерінің, театрдың, әдебиеттің жанрлары туралы түсінігі болуы және барлық өнер түрлерінің даму тарихын білуі қажет.

Талапкерлер қазіргі заманғы Қазақстанның көркем мәдениеті мен өнері мәселелері бойынша алдын ала сұхбаттан өтіп, таңдаған мамандықты түйсіну деңгейі анықталады.